

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-1-тармағы 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 11 нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-1-тармағы 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Қ.С. Мусин, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора, Е.Ж. Сәрсембаев және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі – азамат С.В. Наумцевтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі – депутат Р.Р. Рүстемовтің,

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілі – вице-министр Қ.Ж. Ысқақовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ. Мұқанованың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Заңнаманы талдау және ұлттық алдын алу тетігі бөлімінің меңгерушісі С.Ж. Сейтжановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында азамат Сергей Владимирович Наумцевтің "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – БАҚ туралы заң) 14-бабы 1-1-тармағы 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Р.А. Подопригораның хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, халықаралық тәжірибеге, Қазақстан Республикасының және жекелеген шет елдердің заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына азамат С.В. Наумцевтің БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 2-тармағына және 18-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп тану туралы өтініші келіп түсті, оған сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін дайындау, жариялау, қайталап көрсету және тарату кезінде бұқаралық ақпарат құралдарына, егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылатын болса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді.

БАҚ туралы заңның аталған нормасын азаматтық сот ісін жүргізудегі бірінші және апелляциялық сатылардағы соттар (Ақтөбе қаласының соты, 2022 жылғы 21 қыркүйектегі шешімі және Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы, 2022 жылғы 22 қарашадағы қаулысы) С.В. Наумцевтің 2013 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің келісімінсіз жарияланған фотобейнесін алып тастау міндетін жүктеу жөніндегі талап қою талаптарын, сондай-ақ апелляциялық шағымды қанағаттандырудан бас тарту кезінде қолданды.

Өтініш субъектісі БАҚ туралы заңның көрсетілген нормасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 2-тармағына (Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады) және 18-бабының 1-тармағына (әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар) сәйкес келмейді деп есептейді, соған байланысты оны конституциялық емес деп тануды сұрайды.

Өтініште БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасын алып тастау немесе аталған тармақшаның конституциялылығын қамтамасыз ету үшін соттың қалауы бойынша басқа да әрекеттер қабылдау туралы өтінім де бар.

Қаралатын істе сот актілерінің заңдылығына және негізділігіне баға бермей, өтініш нысанасына қатысты БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағы 3) тармақшасының конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы). Аталған норманың Қазақстанның құқықтық жүйесі үшін негізге алынатын сипаты, жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларынды (2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2, 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4 және басқаларында) атап өтілген.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығын қамтамасыз ету үшін Негізгі Заңда бірқатар іргелі ережелер бар: Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі (12-баптың 1-тармағы); адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (12-баптың 2-тармағы).

Конституцияның 4-бабы 1-тармағының негізінде қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық шарттар шеңберінде де Қазақстан өзіне адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жөніндегі міндеттемелерді алды. Мәселен, Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашадағы Заңымен ратификациялаған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес мемлекет аталған Пактіде танылатын құқықтарды құрметтеуге және өзінің аумағы шегіндегі және юрисдикциясындағы барлық адамдарды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалу құқығы адамның Конституцияда бекітілген және онымен қорғалатын іргелі құқықтарының қатарына жатады (18-баптың 1-тармағы).

Мемлекеттің жеке өмірге қол сұғылмауға байланысты кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі тиісті міндеттемелері Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде де қамтылады. Мәселен, Пактінің 17-бабында әрбір адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына немесе хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан немесе ар-намысы мен абырой-беделіне заңсыз нұқсан келтірілуінен қорғалуы тиіс (1-тармақ) және әрбір адамның осындай озбырлық немесе қол сұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар (2-тармақ) деп бекітілген.

Қаралып отырған өтінішке қатысты жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалу құқығына сипаттама берген кезде мыналарды ескерген жөн, яғни бұл құқық:

адамға ақпаратқа иелік ету және ақпаратты бақылау мүмкіндігін береді, бұл, оның пікірінше, басқа адамдарға қолжетімді емес болуға немесе құпияда сақталуға тиіс. Жеке құпиялылығы адамның қызығушылығын туғызған ақпарат әртүрлі нысанда, түрлі жеткізгіштерде болуы мүмкін және түрлі-түрлі тәсілдермен берілуі мүмкін;

қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды (әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді және басқа да интернет-ресурстарды) пайдаланатындарды қоса алғанда, ақпаратты сан алуан түрлі көздерде таратудан қорғайды;

жеке, отбасылық, кәсіптік, шығармашылық, әлеуметтік, мүліктік, саяси, діни, гендерлік, экономикалық, жүріс-тұрыс және адам басқаларға ашқысы келмейтін кез

келген басқа да қырларын қоса алғанда, адамның жеке өмірінің түрлі қырларын қозғауы және қорғауы мүмкін;

жеке өмірге өз бетінше немесе заңсыз араласудан, өзінің және отбасының құпиясы болу құқығын бұзудан қорғауды талап ету құқығын қамтиды;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың да, жеке субъектілердің де өз бетінше және заңсыз араласуынан қорғалған болуға тиіс;

оған заңмен жол берілетін араласудың өзі негізделген, мөлшерлес және кемсітпейтін болуға тиіс дегенді көздейді;

сөз бостандығы конституциялық құқығын, заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алу және тарату құқығын есепке алуға тиіс;

абсолютті болып табылмайды және заңда белгіленген жағдайларда шектеулі болуы мүмкін.

3. Жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу құқығы Конституциядан өзге басқа да нормативтік құқықтық актілермен және олардағы құралдармен қорғалады: 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 144 – 146-баптары; 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 15, 16, 79, 508 -баптары; 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 – 149-баптары; 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 13-бабы; 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 8, 38, 48-баптары; "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 3-4-тармағы; "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы және басқалар.

4. Өтініш субъектісінің пікірінше, бұқаралық ақпарат құралдары бұзған бейнелеу құқығын жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу конституциялық құқығы қамтиды. Адам өз бейнесін пайдалануға рұқсат беруге, тыйым салуға немесе өзгедей тәсілмен бақылауға, оның ішінде оны басқалар үшін қолжетімді етпеуге құқылы. Адам өзіне қолжетімді емес немесе шектеулі қолжетімді ресми құжаттардағы, материалдардағы және өзге де ақпарат көздеріндегі бейнені заңды негіздер болмаған кезде өзінің келісімінсіз басқалар пайдаланбайды деп есептеуге де құқылы және тиісті бұзушылықтар орын алған жағдайда құқықтық қорғауға жүгінуге де құқылы.

Бейнелеу құқығы да конституциялық нормалармен ғана қорғалмайды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 145-бабының 1-тармағына сәйкес қандай да бір адамның суреттік бейнесін оның келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ. Осы баптың 2-тармағына сәйкес басқа адам бейнелеген бейнелеу туындыларын (сурет, фотосурет, кинофильм және басқалар) – бейнеленген адамның келісімімен, ал ол

қайтыс болғаннан кейін оның балалары мен артында қалған жұбайының келісімімен ғана жариялауға, қайта шығаруға және таратуға жол беріледі. Егер бейнеленген адам ақыға суретке түскен болса немесе бұл заңнамалық актілерде белгіленсе, ондайда келісім талап етілмейді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құқықтар мен бостандықтарды заңдарға қарағанда, заңды күші төмен актілермен шектеу Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп бірнеше рет айтқан ұстанымын ұстанады (1998 жылғы 27 наурыздағы № 1/2, 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 4, 2005 жылғы 23 тамыздағы № 6 нормативтік қаулылары және басқалары).

Бейне дербес деректерге жатқызылған жағдайда, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 және 15-баптарын ескерген жөн, оларға сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге, таратуға дербес деректер субъектісінің келісімімен жол беріледі.

5. Жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу құқығы абсолютті және шектеулерге жатпайтын болып табылмайды.

Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Сонымен қатар, Конституцияның 18-бабы ешбір жағдайда шектеулер белгілеуге жол берілмейтін (Негізгі Заңның 39-бабының 3-тармағы) құқықтарды қамтымайды.

Заңның бейнені бұқаралық ақпарат құралдарында бейнеленетін адамның келісімінсіз жариялау мүмкіндігі туралы ережесі осы адамның жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу құқығын шектейді. Бірақ мұндай шектеуге Конституцияның 39-бабының 1-тармағында көзделген шарттар сақталған кезде жол беріледі. Конституциялық Кеңестің бұрынырақ айтқан ұстанымына сәйкес конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және әділдік талаптарына сай келсе, пропорционал, мөлшерлес және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте қажет болып табылса, себеп бола алады (2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 нормативтік қаулысы).

6. Өтініш субъектісі Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан дау айтып отырған, БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін дайындау, жариялау, қайталап көрсету және тарату кезінде бұқаралық ақпарат құралдарына, егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық

құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылатын болса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді.

Қаралып отырған тармақшаны Конституцияның 39-бабы 1-тармағының шарттарымен салыстыру мыналарды көрсетеді – шектеу:

заңмен белгіленеді;

нақты жағдайларда мемлекет пен қоғамның маңызды қажеттіліктеріне сай келетіндіктен қажет деп қарастырылуы мүмкін. Бұл қажеттіліктер адамның жеке өміріне араласпауды, өзінің және отбасының құпиясын сақтауды білдіретін мүдделерінен басым болуы мүмкін (мысалы, іздестіру іс-шаралары, хабарсыз кеткендерді іздеу, құқық бұзушылықтан жәбір көргендерді анықтау кезінде және басқалар). Жеке өмірге қол сұғылмау құқығы (бейнелеу құқығын қоса алғанда) мен адамның жеке өміріне араласуға жария қажеттілікті салыстырып қарау мәселелері құқық қолдану практикасы процесінде мұндай араласуға жол беруді бағалау кезінде назарға алынуға тиіс;

конституциялық тұрғыдан танылған: конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсаттарын көздейді;

мөлшерлес болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қаралып отырған шектеу (адамның келісімінсіз бейнені тарату) арқылы қол жеткізілуі мүмкін, бұл артық болып табылмайды. Нақты жағдайда шектеу нәтижесінде қол жеткізілген қоғамдық игіліктің ол келтірген зияннан гөрі пайдасы көп болуы мүмкін.

БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасында көзделген ерекшеліктердің (шектеулердің) мақсаттары Конституцияның 39-бабының 1-тармағында көзделген шектеулердің нысаналы мақсаттарына дәлме-дәл сәйкес келеді, бұл қаралып отырған жағдайда адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуге конституциялық көзқарастың сақталғанын куәландырады.

Сонымен бірге, Конституциялық Сот, егер таратылатын ақпарат мәтінінде бейнеленетін адамның келісімінсіз бейнені пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылатын болса, онда мұндай мақсаттар басты мақсат болуға және ол анық көрсетілуге тиіс деп есептейді. Бұл шарттардың сақталмауы жеке өмірге заңсыз араласуға алып келуі мүмкін, ал адамның және азаматтың жеке өмірін, ар-намысын, қадір-қасиетін құрметтеу бұқаралық ақпарат құралдары қызметі қағидаттарының бірі болып табылады (БАҚ туралы Заңның 2-1-бабының 4) тармақшасы).

7. Конституцияның 12-бабының 5-тармағына сәйкес адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен

бостандықтарын бұзбауға тиіс. Осылайша, бейнелеу құқығы азаматтарға басқа құқықтарын, атап айтқанда, ақпаратты еркін алу және тарату құқығын (Конституцияның 20-бабы) іске асыруда негізсіз қиындықтар туғызбауға, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам қызығушылығын туғызатын оқиғалар және оларға қатысушылар немесе оларға қатысы бар адамдар туралы ақпарат беруіне кедергі келтірмеуге тиіс. Осыған байланысты, бейнелеу құқығын қоса алғанда, жеке өмірді қорғау құқығы мен қоғамдық маңызы бар ақпаратты тарату құқығы арасында ақылған қонымды теңгерімнің болуы принципті болып табылады.

8. БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағы 3) тармақшасының Конституцияның 4-бабының 2-тармағына сәйкестігі туралы мәселе осы тармақшаның жоғарыда қаралған конституциялық ережелерге сәйкестігін айқындау мәселесімен тікелей байланысты. Конституцияда жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу құқығын қоса алғанда, адамның құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ оларды заңмен шектеу мүмкіндігі бекітіледі. Егер БАҚ туралы заңда көзделген шектеулер конституциялық нормаларға сәйкес келсе, Конституцияның жоғары заңды күші және оның тікелей қолданысы туралы ережеге күмән келтірілмеуге тиіс. Керісінше, егер заңда көзделген шектеулер конституциялық нормаларға сәйкес келмесе, онда Конституцияның жоғары заңды күші туралы конституциялық ереженің бұзылуы жөнінде түйін жасау заңды болады.

9. Өтініште БАҚ туралы заңның 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасын алып тастау немесе аталған тармақшаның конституциялылығын қамтамасыз ету үшін соттың қалауы бойынша басқа да әрекеттер қабылдау мәселесі де қойылған. Конституциялық Соттың қорытынды шешімдер қабылдау салдары "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" Конституциялық заңның 63-бабында айқындалады.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 2-тармағына және 18-бабының 1-тармағына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

3. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК